

2011 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 желтоқсандағы N 570 Шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 18 қаңтарда N 14-6-126 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы N 57 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімінің 2012.01.13 N 57 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбекақысының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздері осы қаулының қосымшасына сай бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстар бюджет қаражаты және жұмыс берушілердің өтінімі бойынша солардың қаражаты есебінен қаржыландырылсын.

3. Қоғамдық жұмысшылардың жалақысы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы № 357-IV «2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес, жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес төленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. Тағаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.С.Алиев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 20 желтоқсандағы

№ 570 қаулысымен бекітілген

**2011 жылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі,
қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары,
қатысушылардың еңбекақысының мөлшері және оларды
қаржыландырудың көздері**

к/ с	Ұйымдардың тізбесі	Саны	Жұмыстардың түрлері	Жұмыстардың көлемі, мың теңге	Жұмыстардың нақты жағдайлары	Қатысушылардың еңбекақысының мөлшері	Қаржыландыру көзі
1	"Ауыл округтері әкімдерінің аппараттары" мемлекеттік мекемелері, "Ауыл округтері селолық тұтыну кооперативтері"	267	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, ауылшаруашылық жұмыстарына қатысу, елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	6087,6	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
2	«Қазығұрт ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімі мемлекеттік мекемесі	40	Шақыру қағазын жеткізу, Әскери қарулы күштер қатарына шақыру жөнінде халықпен жұмыс жүргізу. Құжаттарды өңдеу және жіберу, халықпен жұмыс жүргізу, қоғамдық тәртіпті қадағалауға көмектесу.	912,0	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
3	«Қазығұрт ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	10	Әлеуметтік төлем алуға құқылы азаматтарды анықтау мақсатында аулалық тексеру, ауданның әлеуметтік картасын анықтау, құжаттарды өңдеу, еңбек рыногының негізгі көрсеткіштерін анықтауға, Заңгер пилоттық жобалары бойынша көмек көрсету	228,0	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,

4	«Қазығұрт аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Қазығұрт аудандық дене тәрбиесі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Қазығұрт аудандық «Жас қанат» спорт мектебі, Аудандық білім беру ұйымдары	32	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, көмекші жұмысшылар, Мектептердің ағымдағы жөндеу мен жазғы демалысты ұйымдастыру жұмыстарына жәрдемдесу, мәдени маңыздағы іс-шараларды ұйымдастыру.	729,6	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
5	"Қазығұрт аудандық салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	6	Мүлік, көлік салықтарын төлеуде ескерту квитанциясын тұрғындарға жеткізу жұмыстары	136,8	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
6	Мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының Қазығұрт аудандық бөлімі	10	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	228,0	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
7	"Қазығұрт аудандық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	6	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, Қоғамдық ұйымдар мен қорлардың жұмыстарына көмектесу	136,8	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
8	"Қазығұрт аудандық Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Қазығұрт аудандық жер кадастры филиалы, «Қазығұрт аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	12	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	273,6	аптасына 5 күн сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
	"Қазығұрт аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық						

9	жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі, Қазығұрт коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік көпсалалы кәсіпорны, Қазығұрт аудандық шаруашылық жүргізу құқығындағы «Таза су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	35	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу, елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	798,0	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
10	"Қазығұрт аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі, "Қазығұрт аудандық мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, "Қазығұрт аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" мемлекеттік мекемесі	15	Құжаттарды өңдеу, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу, Аула клубтарының жұмыстарын жүргізу	342,0	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
11	"Қазығұрт аудандық әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі, "Қазығұрт аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы".	8	Құжаттарды өңдеу жұмысы	182,4	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
12	" Қазығұрт аудандық соты" мемлекеттік мекемесі, "Қазығұрт аудандық прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі	8	Шақыру қағазын жеткізу. Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберуге көмектесу	182,4	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
13	"Аудандық психологиялық педагогикалық түзету кабинеті"	6	Балалармен жұмыс жүргізуде тәрбиешілерге көмек	136,8	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
	"Қазығұрт аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік						

14	коммуналдық қазыналық кәсіпорны, "Қазығұрт аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны"	12	абаттандыру және көгалдандыру, аймақтық қоғамдық жұмыстарға көмек көрсету	273,6	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
15	"Қазығұрт ауданының мұрағаты" мемлекеттік мекемесі", "Қазығұрт тынысы газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	273,6	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
16	"Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі, "Қазығұрт аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, «Ауыл» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	15	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	342,0	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
17	Шу-талас экология департаменті Оңтүстік Қазақстан облысы филиалы Қазығұрт аудандық бөлімі	6	Құжаттарды өңдеу, құжаттарды көбейту және жіберу	136,8	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
18	Қазығұрт аудандық бір жолғы талондарды беру орталығы" мемлекеттік мекемесі, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазығұрт аудандық филиалы.	15	Құжаттарды өңдеу және жіберу, бір жолғы төлемдерді жинауға жәрдем көрсету, аймақтық қоғамдық жұмыстар	342,0	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
	"Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық						

19	табиғи паркі" мемлекеттік мекемесі Өгем филиалы, Жасыл-желек" мемлекеттік мекемесі	15	Қорықтық зоналарды қалпына келтіру, абаттандыру және көгалдандыру	342,0	аптасына 5 күн сағат 9.00 -ден 18.00-ге дейін	Жалақының ең төменгі мөлшері көлемінен кем емес	Аудандық бю,
Барлығы:		530		12084,0			

Ескерту: Жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарда орташа жұмыс істеу мерзімі 2 ай. Іс жүзінде сұраныс пен ұсынысқа орай қоғамдық жұмыстардың кейбіріне қатысушылардың саны, қатысудың ұзақтығы, қоғамдық жұмыстардың түрлері және ұйымдардың тізбесі 2011 жылға арналған аудандық бюджетте қоғамдық жұмыстарды өткізуге қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.